

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
2018 жылғы «02» тамыз
№ N016344 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

ШЫРҒАНАҚ ҚЫЗЫЛМАЙ® ҚОСЫЛҒАН

Саудалық атауы

Шырғанақ Қызылмай® қосылған

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Суппозиторийлер

Құрамы

Бір суппозиторийдің құрамында

белсенді заттар: шырғанақ майы 0.05 г

«Қызыл май®» полифит майы 0.20 г

қосымша заттар: какао майы, сары балауыз, бентонит

Сипаттамасы

Қызғылт-сарыдан қоңыр сары түске дейінгі, ұшы сүйір суппозиторийлер, көлденең қимасы біртектес. Тоңазытқышта сақтаған жағдайда бөлме температурасында жоғалып кететін балауыздың кристалдары пайда болады.

Фармакотерапиялық тобы

Басқа да препараттар. Емдік басқа өнімдер. Басқа дәрілік препараттар
АТХ коды V03AX

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Фармакокинетикасы зерттелмеген.

Фармакодинамикасы

Шырғанақ майы мен Қызыл май® полифитті майы - өсімдік тектес заттар. препараттың белсенді субстанциясы болып табылады. Шырғанақ майы

құрамына каротиноидтар, С, Е, К, В₁, В₂, В₃, В₆, В₉ дәрумендері, алма және шараптас қышқылдары, қант, иіткіш заттар, кверцетин флавоноиды, фитонцидтер, пектиндер, кумариндер кіреді. Қабынуға қарсы, бактерицидті қасиеттерге ие, ауыруды басатын және жараны жазатын әсері бар. Терінің және шырышты қабықтардың репаративті үдерістерін көтермелейді, зақымданған тіндердің қалпына келуін жеделдетеді. Қызыл май[®] полифитті майының әсері оның компоненттерінің біріккен әсері болып табылады. Биологиялық белсенді заттар кешенінің құрамына кіретін 7 дәрілік өсімдік (негізінен сапонинді гликозидтер – глицирризин, сондай-ақ эфир майлары, пептидтер, дәрумендер мен минералдар) қабынуға қарсы, бактерияларға қарсы, жараны жазатын, регенерациялайтын әсері бар. Суппозиторий құрамына кіретін «Қызыл май[®]» полифитті майы мен шырғанақ майының кешені қабынуға қарсы, регенерациялайтын, жараны жазатын әсерін арттырады.

Қолданылуы

Кешенді ем құрамында

- гинекологиялық ауруларда – жатыр мойнының эрозиясында, кольпиттерде, вагиниттерде, эндоцервиттерде
- урологиялық ауруларда – циститтерде, простатитте
- проктологиялық ауруларда – геморройда, анустың жарылуында, колиттерде, энтероколиттерде, проктиттерде.

Қолдану тәсілі және дозалары

Суппозиторийлер қынаптық және ректальді түрде қолданылады.

Аурудың дәрежесіне қарай 1 суппозиторийден күніне 1-2 рет тағайындайды. Емдеу курсы 7-10 күн.

Жағымсыз әсерлері

- сирек жағдайларда: қышыну, күйдіру, гиперемия. Жағымсыз көріністер мен басқа әсерлер байқалған жағдайда препаратты қолдануды тоқтату керек.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Айрықша нұсқаулар

Педиатрияда қолдануы

Препаратты балалар практикасында қолдану тәжірибесі жоқ.

Жүктілік және лактация

Препаратты жүктілік және бала емізетін әйелдерге пайдалануға болады.
Препараттың автокөлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері
Әсер етпейді

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

5 суппозиторийден С типті поливинилхлорид/полиэтиленнен (ПВХ/ПЭ) жасалған сүттей – ақ түсті пішінді ұяшықты қаптамаға салынған. Екі пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған. Қолдану жөніндегі нұсқаулық мәтінін тікелей қорапқа жазуға жол беріледі.

Сақтау шарттары

Құрғақ жерде, 18 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы обл., Есік қ., Маметова к-сі, 25

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 297-27-01, 8 (727) 297-29-36, 8 (72775) 7-25-18,

8 (727) 347-49-07

Тіркеу куәлігінің иесі

«ФитОлеум» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):

«ФитОлеум» ЖШС

050037, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 163 «а»

тел.\факс 8 (727) 297-27-00, 8 (727) 297-27-01, 8 (727) 297-29-36

e-mail: fitoleum@mail.ru, www.fitoleum.kz